

## • ТАҒЫЗЫМ

Әбілқас Сағынұлы Сағынов ерекше тұлға. Бұл туралы бүгінде көз көргендер көп айтады. «Мұндай адамдарды құйрықты жұлдыздай артында із қалдырды дейді халық. Өйткені, ол жұртының игілігі үшін еңбек етіп, сол үшін өмір сүрді. Әбілқас Сағынұлы тек дарынды ғалым, қоғам қайраткері ғана емес. Аса зиялы, ізетті, бірегей тұлға. Оның маңайындағыларды тартып тұратын ғаламат энергиясы болатын. Ол өзінің рухани байлығын баршамен бөлісетін» дейді «Нұр Отан» ХДП төрағасының бірінші орынбасары Н.Нығматулин.

Ап Әбілқас Сағыновты өте жақсы білген, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы, ширек ғасыр Қарағанды облысының басшысы болған С.Досмағамбетов академикке былай деп баға береді:

«Бірегей тұлға, қазақ жеріндегі ерекше құбылыс. Оның бар ғұмырында ұлы ұстазы уақыт болды және болып қала да береді. Өмірбаяны, барлық өмірлік жолы жастайынан-ақ оның уақыттың қадірін білгендігін көрсетеді. Бүгінгі уақыттың - ертеңгі болашағының негізін қалайтынын көре білді. Уақытты босқа өткізуді ол зор шығынның бірі деп санайды. Басқа ұлы адамдар секілді қандай да бір жұмысты жартылай, шала жасап көрген емес. Адам ретінде ол өз дәуірінен қалыс қалмауға тырысты. Ең болмағанда, онымен деңгейлес болуға, оның алдын алуға ұмтылып отырады».


Ұлы Отан соғысына дейін жоғары тау-кен білімін алған алғашқы үш қазақ инженер-кәсіпшісінің бірі, бар ғұмырын, бар білімін, күш-жігерін тек тау-кенге ғана емес, республиканың барлық өнеркәсібіне инженер кадрларын дайындауда және қалыптастыруға арнаған адам - Әбілқас Сағынов. Қазақстанда бұл тұлғаны танымайтын, білмейтін адам кемде-кем. Қазақ халқына, өзінің мыңдаған ізбасарларына ұлы ғалым, есімі алтын әріппен, жазылатын адам ретінде сыйлы һәм құрметті.

«Оның Тұлғасынан тарайтын сәуле оның ізін басқан замандастарын - біздің жанымызды жылытып, шабыттандыра түсетін. Сондықтан да біз ұстазымыз берген адамгершілік кодексіне сай болуға тырысатынбыз ұсақ әрекет жасауға хақымыз жоқ деп білетінбіз». Бұл «Евразия Трейд НС» ЖШС-нің бас директоры К.Мейрамбековтің шексіз құрметке толы жүрекжарды лебізі. Осындай қайталанбас тұлғаның бойында ұлылық пен қарапайымдылықтың тамаша үндесуін ҚРҰҒА-ның Президенті, академик М.Жұрынов та атап айтады: «Басқа басшыларды қаптаған адам қаумаласа, оның қасында тек жүргізушісі ғана жүреді. Ол кез келген адамды көкке жеткізетін бос мақтан, дақпыртты ұнатпайтын. Үнемі көпшілік назарында, атақ-даңқтың ортасында болғанымен қарапайым, кіршіксіз таза адам қалпынан өзгермеді».

Қашанда ұстамды, аз сөйлейтін. Тереңнен толғап, жүрекке жеткізе айтатын. Оның мейірімді, жылы сөздерінен ішкі дүниеңіз жадырайды. Сол себептен де жастар ол кісімен кездесуге құмар еді. Келесі кездесуді де тағатсыздана күтетін.

Әбілқас Сағынұлы Баянауыл аулында 1915 жылы дүниеге

келді. 1932 жылы Қарағанды тау-кен техникумына оқуға түсті. Сол кездегі жастарды жоғары оқу орнына жіберу тәжірибесіне сәйкес Артем атындағы Днепрпетровскінің тау-кен институтына оқуға жіберілді. Барлық өндірістік тәжірибені болашақ тау-кен инженері Қарағандыдан өтті. Тәжірибеде жүріп, техникумдарда Киров атындағы шахтаның кеншілеріне сабақ берді де. Шахтаның «Верхняя Марианна» сілемінде жұмыс істеді. Диплом алдындағы тәжірибесін №31 және №19 шахталарда учаске бастығының көмекшісі ретінде өткізді. Сөйтіп, 1939 жылы бұл оқу орнын «Пайдалы қазбалардың кен орындарын анықтау» ма-



мандығы бойынша үздік бітіріп, «Қарағандыкөмір» тресті шахтасының учаске бастығы болып тағайындалды. Сонымен, 1939 жылдан ғұмыры Қарағандымен біте қайнасты ғалымның.

Жас маманның еңбек жолы учаске бастығынан басталды. Ал, ол кезде Қарағанды бассейнінде ең күшті үшсілемді жүйені енгізу бойынша «Верхняя Марианна» сілемінде эксперименттік жұмыстар жүргізіліп жатқан еді. Бұл сілемді алу үшін технологиялардың түрлі нұсқалары мен алуан механизмдері сыналды. Тек көптеген жылдар өткеннен кейін ғана алпысыншы жылдардың соңына таман шәкірттерімен бірге оң нәтижелерге қол жеткізді.


«Молотовкөмір» тресінің техникалық бөлім бастығы болып жүріп, Ә.Сағынов ғылыми-техникалық прогреске және шахта қорын одан әрі дамытуға баса назар аударды. 1947 жылы ҚазССР ҒА Тау-кен институтының сырттай аспирантурасына түседі. Сөйтіп, ғылыми жетекшісі - техника ғылымдарының докторы, профессор А.Поповпен бірлесіп, диссертацияға өзекті тақырыпты таңдайды. Ол Қарағанды бассейніндегі көмір сілемдерін өңдеудің технологияларына арналды. Сол жылдары көмір күшті сілемдерден алынып, жұқа және орташалары қала берді. Дегенмен, олардың қоры аймақтың барлық өнеркәсіптік қорының 50 пайыздан артығын құрады. Бұл сілемдерді өңдеу әдістері және жүйесі жетілдіруді қажет етті.

1951 жылы осы тақырыпта техника ғылымдарының кандидаттығына диссертация сәтті қорғалды. Атап айтуымыз керек,

Әбілқас Сағынұлы өндірістен қол үзбей жүріп, кандидаттық қорғаған үшінші инженер. Бұдан кейін оны Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу кеңір институтының Қарағанды филиалына директор етіп жіберді. Ол кейінде 1952 жылы Әбілқас Сағынұлының бастамасымен, тікелей басшылығымен Қарағанды ғылыми-зерттеу кеңір институты болып қайта құрылды. Дәл осы сәтте Ә.Сағыновтың күрделі проблемаларды шешетін зерттеушілер ұжымын қалыптастырған озық ұйымдас-



### Қыркүйектің 26-жұлдызында білім мен ғылымды ұштастырған, ҚР ҰҒА-ның академигі, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының екі дүркін лауреаты, Социалистік Еңбек Ері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Әбілқас Сағынұлы Сағыновтың дүниеден озғанына 5 жыл толды.



тырушы, ғалым ретінде қабілеті айқын көрінді. Жаңа институттың барлық жұмысы Қарағанды көмір бассейнінің игерудің әдістерін тиімді шешуге бағытталды. Олардың қатарында «Верхняя Марианна» күшті көмір сілемін өңдеу және метандық сілемдерді газсыздандыру да бар.

1955 жылы Қарағанды тау-кен институтының ректорлығына тағайындалды. Ол 1958 жылы Қарағанды политехникалық институты болып қайта құрылды. Бұл қызметте 33 жыл еңбек етті.

Қарағанды политехникалық институтының қалыптасу тарихы - бұл көбіне-көп Әбілқас Сағынұлы Сағыновтың өмір жолының тарихы десек, ақиқаттан алыстамаймыз. Ұжымның және оны басқарушы құрамның күшімен Қарағанды тау-кен институты 24 мамандық бойынша маман дайындайтын еліміздегі көп профилілі жоғары оқу орнына айналды. Он мыңдаған мамандар қанат қақты. Түрлі бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстары өріс алды. Инженер мамандарын дайындаудағы елеулі еңбегін ерекше ескеріп, ІХ бесжылдықта СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен институт 1976 жылы Еңбек Қызыл Ту Орденімен марапатталды. Осы жылы бесжылдық міндеттерін орындауда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгендігі үшін Қазақстан КП ОК, Жоғарғы Кеңес Президиумы және ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулысымен Құрметті дипломмен және Қазақ ССР-нің Құрметті Алтын Кітабына енгізілді. Бүкілодақтық социалистік жарыста үздік нәтижелерге қол жеткізгені, ендіріс тиімділігін және жұмыс сапасын арттырудағы қол жеткізген жетістіктері үшін,

экономикалық, әлеуметтік даму жоспарын табысты орындағаны үшін 1979 жылы институт ұжымына ауыспалы Қызыл ту берілді. Әсіресе, 1980 жылы социалистік жарысқа қатысқан 870 жоғары оқу орнының ішінде тек екеуі ғана оқ бойы озық шығып, соның бірі - Қарағанды политехникалық институтына КПСС ОК СССР Министрлер Кеңесінің ауыспалы Қызыл Туы берілуі айтулы оқиға болды. Екіншісі - Мәскеу мемлекеттік университеті. Осы жылдар ішінде оқу ордасының бағындырған биіктері аз емес. Бүгінде оның жиырма бір мыңға жуық түлегі еліміздің әр саласында еңбек етуде. Оқу ордасында 700 оқытушы болса, оның әрбір екіншісінің ғылыми дәрежесі бар. 11 мыңға жуық студент дәріс алууда. Политехникалық институттың қазіргі таңда индустриалды Қарағанды аймағының өнеркәсіптік дамуын қамтамасыз етуде қосқан үлесі зор.

Ә.Сағыновтың жоғары деңгейлі ғылыми зерттеулері әр түрлі үкіметтік марапаттарды иеленді. 1974 жылы авторлық құрамда Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді. 1987 жылы жұмыстың жетекшісі ретінде Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы табысталды. Ғылыми жетекшілігімен 11 докторлық, елуден астам кандидаттық диссертация қорғалды. Міне, бүгінгі ҚарМТУ-дың іргетасы осылайша қаланды. Онда мамандар шыңдалып, материалдық-техникалық база жыл сайын нығая түсті. Ғылыми жұмыста мақсат қоя білудің, оған жетудің маңызы саңшалықты зор екенін Әбілқас Сағынұлы өзінің өмір жолы арқылы дәлелдеп берді. Үнемі

ізденіс пен тынымсыз еңбекте жүретін ғалымның көп жылғы инженерлік және ғылыми қызметі Мәскеу тау-кен институтының ғылыми кеңесінің жоғары бағасын иеленді. Оның дәлелі - ғалымға 1967 жылы бір ауыздан докторлық диссертациясын қорғауының нәтижесінде техника ғылымдарының докторы ғылыми атағын берілуі.

Бүгінде техникалық университет атанып отырған Қарағанды политехникалық институттың өсіп-өркендеуінде тұңғыш ректорының орасан еңбегін ерекше атауға тиіспіз. Осы оқу орданың ректорлығында және кафедра меңгерушілігіндегі ғылыми-педагогикалық қызметі кезінде Ә.Сағынов Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіне өлшеусіз үлес қосты. Пайдалы қазбалардың кен орын анықтауға байланысты технология мен кешендік механизация бойынша ғылыми мектепті ашқан да Әбілқас Сағынұлы. Бұл мектеп Одақ көлемінде ғана емес, шетелде де қолдау тапты.

Ә.Сағыновтың зерттеулерін ғалымның 20 монографиясынан, кептеген оқу құралдарынан, кітаптардан, мақала және ғылыми баяндамалардан, ғылыми жаңалықтарын керуге болады. Ғалымның түбегейлі зерттеулерінің қорытындылары Белградта, Денверде халықаралық конференцияларда, Варнеде өткен ІІІ ұлттық съезде ғалымдар назарына ұсынылды.

Әбілқас Сағынұлы 1991-2000 жылдарда ҚР ҒБМ Жер қойнауын кешенді игеру проблемалары институтын басқарды. 2001 жылдан осы институттың Құрметті директоры. Әбілқас Сағынұлы кезінде институтта шахтадағы метанды алу әдістері мен оны пайдалану проблемалары оңтайлы шешілді. Жалпы, Әбілқас Сағынұлының өңірдің ғана емес, бүтін еліміздің өнеркәсіп саласын дамытудағы еңбегі ерен. 1971 жылы жоғары оқу орнын дамытуға және білікті мамандар даярлауға сіңірген еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан Республикасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен 1995 жылдың желтоқсанында «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді. Ал, қарағандылықтардың ғалымның еңбегіне көрсеткен құрметінің бір нышаны - Қарағанды қаласының Құрметті азаматы атағын беруі болатын.

Бүгінде ҚарМТУ-ды Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ұлттық ғылым академиясының академигі Арыстан Мәуленұлы Ғазалиев басқарып, Әбілқас Сағынұлы бастаған игі істі жалғастыруда. Жаңа дәуірде ҚарМТУ-дың жаңа даму кезеңі басталды. ҚарМТУ Қазақстанның инновациялық басымдықты иеленген ірі техникалық университетінің бірі. Ол әлемдік web тіркеу рейтингісі бойынша дүние жүзінің үздік 5000 университетінің қатарынан табылады. Ғалым қабырғасын қалаған оқу ордасы білім бәсекеінде басқалардан қара үзіп келеді. Дарабоз секілді.

Ұлты үшін аянбай тер төккен Ұлы адам болса, Әбілқас Сағынұлы соның нақ өзі.

**Т.ЫНТЫҚОВ,**  
ҚарМТУ-дың профессоры.